

**"Жеке тұлғамен есеп айырысу туралы анықтама мен жұмыскердің салық шегерімдерін қолдану туралы өтініш нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 10 тамыздағы № 439 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 73 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 24 ақпанда № 14843 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 102 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 01.02.2018 № 102 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 23-тармағының 8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жеке тұлғамен есеп айырысу туралы анықтама мен жұмыскердің салық шегерімдерін қолдану туралы өтініш нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 10 тамыздағы № 439 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14220 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 28 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгерту енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.";

жеке тұлғамен есеп айырысу туралы анықтама осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің  
 2017 жылғы 1 ақпандағы  
 № 73 бұйрығына  
 қосымша  
 Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрінің  
 2016 жылғы 10 тамыздағы  
 № 439 бұйрығына  
 1-қосымша  
 Нысан

## Жеке тұлғамен есеп айырысу туралы АНЫҚТАМА

Салықтық кезең: \_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның ЖСН-і: \_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның Т.А.Ә (болған кезе): \_\_\_\_\_

Салық агентінің (жұмыс берушінің) ЖСН(БСН) \_\_\_\_\_

Салық агентінің (жұмыс берушінің) атауы \_\_\_\_\_

Айы	Төлем көзінен салық салуға жататын кірістің сомасы	жеке табыс салығы бойынша түзетудің сомасы, оларды көшіруді қоса алғанда*	қолданылған салық шегерімдерінің сомасы, оларды көшіруді қоса алғанда, барлығы **:	1	2	3	4 (5+6+7+8+9+10+11+12+13)
қаңтар							
ақпан							
наурыз							
сәуір							
мамыр							
маусым							
шілде							
тамыз							
қыркүйек							
қазан							
қараша							
желтоқсан							
<b>БАРЛЫҒЫ</b>							
:							

Оның ішінде:							Жеке тұлғаның салық

МЗЖ	Стандартты шегерім	Міндетті медициналық сақтандыруға	К ө п балалы отбасылар үшін	Ерікті зейнетақы жарналары үшін	Оқу үшін	Медицина үшін	Сыйлықақылар бойынша	Сақтандыру сыйақылары бойынша	салынатын кірісінің сомасы
5	6	7	8	9	10	11	12	13	14 (2-3-4)

Басшы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.) (болған кезе) (мөрдің орны) (қолы)

Анықтама беруге жауапты лауазымды тұлға \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.) (болған кезе) (қолы)

Анықтаманың берілген күні 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Ескерту:

\* - салық салудан босатылатын табыстар (табыстарды түзету) Салық кодексінің 156-бабының 1-тармағында қарастырылған, табысты түзетуді көшіру Салық кодексінің 156-1-бабына сәйкес жүргізіледі.

\*\* салық шегерімдері Салық кодексінің 156-2, 156-3, 156-3, 156-6, 156-7, 156-8, 156-9, 156-10, 156-11-баптарында қарастырылған, стандартты салық шегерімін көшіру Салық кодексінің 156-5-бабына сәйкес жүргізіледі, басқа да салық шегерімдерін көшіру Салық кодексінің 156-12-бабына сәйкес жүргізіледі.